

Сапанов С.Ж., Махмединова Ж.Ж.

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
Атырау қ., Қазақстан Республикасы

cefosh1@mail.ru

ҚХР-НЫҢ АЙМАҚТЫҚ САЯСАТЫНЫҢ КОНЦЕПТУАЛДЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Аңдатпа

Мақалада ҚХР-ның аймақтық саясатының концептуалды негіздеріне тарихи тұрғыдан талдау жасалған. Автор халықаралық саясаттағы ҚХР шекара және трансшекаралық өзендер мәселесіндегі Қытай ұстанымын талдауда, оған қатысты геосаяси, геостратегиялық, демографиялық, экономикалық және территориялық факторлардың маңыздылығын атап өтеді.

Мақалада ҚХР әскери доктринасындағы «стратегиялық шекара», «өмірлік кеңістік» концепциясы және ҚХР-ның сыртқы саяси тұжырымдамалары баяндалған.

Негізгі сөздер: Қытай, стратегия, тұжырымдама, өмірлік кеңістік, сыртқы саясат.

XX ғасырдан XXI ғасырға Қытай үш мәселемен өтті: тұрғындар саны, жер, су. Қытай тарихы – жер үшін күрес тарихы. Яғни өңдеуге, тыңайтуға қолайлы жерлер үшін талас. Қазіргі уақытта Қытай басшылығы үшін күрделі демографиялық жағдаймен шиеленісіп отырған жер мен су тапшылығы стратегиялық бірінші кезектегі проблемалардың бірі.

ҚХР үшін шекаралар бір мезгілде геосаяси нақтылық, геосаяси мақсат және геосаяси құрал болып табылады [1]. Бұл жерде белгілі неміс географы, саяси географияның негізін салушы Фридрих Ратцельдың географиялық заңдары әділдік тұрғыдан танылады. Заңдар «Саяси география» еңбегінде жарияланған, мұнда Ратцель мемлекеттің кеңістікті өсуі принциптерінің жиынтығын ұсынған. «Шекара – мемлекеттің түпкір органы, ол мемлекеттің өсу деңгейінің күші мен әлсіздігінің және ондағы өзгерістердің куәсі» [2].

XX ғасырдағы мәселелер ҚХР әскери доктринасында, «стратегиялық шекара», «өмірлік кеңістік» концепциясында және ҚХР-ның сыртқы саяси тұжырымдамасында баяндалған.

Бұл тұжырымдамаға сәйкес ҚХР миллиардтан астам тұрғыны бар халықтың өмірі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ететін кеңістіктен де тапшылық көруде. Мұндай жағдайда «стратегиялық шекара», «өмірлік кеңістіктің» «мемлекеттің кешенді қуаты» өкіміне қарай ауысуы қажет, онда мемлекет әскери күш көмегімен өз мүддесін қорғай алады. Қытай зерттеушілерінің

пікірінше, мемлекеттің кешенді қуаты - экономика, ғылым мен техника, сыртқы саяси тұрақтылық пен әскери қуаты.

Сондықтанда ҚХР-ның **«стратегиялық шекара»** тұжырымдамасын қабылдауы - саяси, экономикалық және таза әскери сипаттағы себептермен түсіндіріледі.

Саяси тұрғыдан алғанда мұндай тұжырымдама Қытайдың заңды құқықтары мен мүдделерін қамтамасыз етудің, мемлекеттік қауіпсіздігі мен әлеуметтік экономикалық табысты дамудың қажетті шарты болып табылады.

ҚХР басшыларының пайымдауынша тұжырымдаманы жасау әлемдегі бәсекелестік күреспен және осыған байланысты Қытайдың алдағы кезеңдегі стратегиялық шекараларды қайта бөлуге байланысты күдігімен түсіндіріледі.

Тұжырымдаманы жасау экономикалық түсінікке негізделген, ол ең алдымен ҚХР-ның тұрғындар санының өсуімен байланысты [3].

Ғаламдану дәуіріндегі континенттік ресурстардың шектеулігіне байланысты Қытай мамандары континенттік шельфтерге, теңіздерге, полярлық облыстарға назар аудара бастады. Себебі бұл салалар мемлекет арасындағы бәсекелестіктегі стратегиялық шекаралардың маңызды бөлігі болып саналады.

«Өмірлік кеңістік» тұжырымдамасы ҚХР-ның әскери мүдделерімен байланысты.

Бұл концепция мүмкін болатын шабуылды алдын ала болжау үшін қолайлы жағдайлар жасау, басқыншылық күштерді барынша қашық шепке ауыстыру қажеттілігімен және әскери күштерді мемлекеттік шекара аймағынан «стратегиялық шекара» аймағына ауыстырумен түсіндіріледі. Кезінде ҚХР Мао басшылығы Үнді - Қытай ауданымен және барлық Оңтүстік Шығыс Азияны өз ықпалы жүретін аймақ деп есептеген. Бұл туралы бір қатар ресми құжаттарда жарияланған.

Мәселен, 1964 ж. 10 шілде қабылданған «Территориялық тізім» бағдарламасында Мао Цзедун «Біз бүкіл дүниежүзін бағындыруымыз керек, Қытай XX ғасырдың 60 жж. Оңтүстік – Шығыс Азияны, яғни Оңтүстік Вьетнам, Таиланд, Бирма, Малайзия, Сингапурмен қосып алып, Камбоджаға байланысты бейбіт ұстанымды сақтауымыз керек.

Оңтүстік Шығыс Азия өте бай аудан, онда табиғи қазбалар көп, ол жұмсаған шығынды өтейді. Ол аудан болашақтағы Қытай өнеркәсібінің дамуы үшін өте пайдалы. Оңтүстік Азияны алғаннан кейін бұл ауданда біздің күштерді ұлғайтуға болады. Уақыт өте келе біздің өз күшіміз болады», - деп жазды [4].

Өзінің территориялық дәмегөйлігінің заңдылығы жөнінде Мао ешқандай дәлелдер келтірмеген. Оның дәлелдері қандай еді? Жауабы – көптеген жүзжылдықтар бойы Қытай богдыхандары осылай ойлап келді және оған Қытай халқын да үйретті. Богдыхандар Қытай «бүкіләлем орталығы» - чжун-ю, ал басқа мемлекеттер бағыныштылар деп есептеді және олар алым төлеуі қажет.

Көптеген ресми құжаттарда осы пікір қалыптасты. Мао басшылығы

немесе әкімшілігі ешқашан қытайлықтар болмаған немесе кездейсоқ өткен жерлердің бәріне иероглифтық жазбаларда территориялық дәмелерін білдірді. Мұндай жерлерге жиырма миллионнан астам қытай қауымдастығы тұратын бүкіл әлем территориясының көптеген бөлігі жатады. Оңтүстік - Шығыс Азияның бірқатар елдері «жоғалған Қытай елдері» есебінде айтылды.

Ал, осы концепция бойынша Оңтүстік Шығыс Азияға келсек, ежелгі уақыттан бұл аудан Қытайдың этникалық ауданы болмаса да, «Ортадағы Империя» билеушілерінің көзін қызықтырды. Бірнеше рет қытайлықтар көптеген ортазиялық кеңістіктерді бағындырып алды (б.э.д. I ғасыр – б.э. III ғасыры Хань династиясы, б.э. VIII ғасыры Тан династиясы). Сол уақытта Қытай шекаралары қазіргі Қазақстан оңтүстік шығыс аудандарын Арал теңізіне дейін қамтыды.

Ірі әскери жорықтар біздің эрамыздың VIII және XIII ғасырларында жасалды. Сондай-ақ кішігірім әскери экспедициялар жорығы болды.

Ресейлік ғалым М.В.Воробьевтің пікірінше, Қытай және оның маңындағы ойкуменде немесе Қытайға қатыссыз, Қытайда болмаған, Қытайға арналған, Қытайға қарсы немесе Қытаймен байланысты барлық оқиғалар Қытай тарихи арнасына енгізілді. Қытай билеушілері өздерін бүкіл әлемнің нағыз билеушілеріміз деп санады. Сондықтан да Қытай мемлекеттілігінің таралу шекарасының нақты айтылмауының үш себебі бар:

Біріншіден, шекараны техникалық дәл белгілеу жүргізілмеген;

Екіншіден, көптеген территориялар өз тәуелсіздіктерін таныды, оның дәрежесін қазіргі халықаралық құқықтану анықтай алмайды;

Үшіншіден, белгілі бір аумақты қысқа мерзімге басып алуды (1-2 күн немесе айлар) түбегейлі оны меншіктілікке айналдырмайды.

Соңғы пікірге сүйене отырып кейбір Қытай тарихшылары Солтүстік Ауған, Иран тіпті Ресей, Қаратеңіз аймағына дейін жеткен «ежелгі» Қытай шекарасы туралы айтқан. Территорияларды басып алуды ақтайтын әскери доктринадан басқа, Қытай осы мақсатпен тағы бір негіздеме ұсынған. Ол белгілі «36 стратагемалардың» ішіндегі бесінші стратагема. Онда егер жау ішкі жағынан жеңілсе, оның жерлерін басып ал. Егер сырт жағынан жеңілсе, халқын бағындыр, егер екі жағынан да жеңіліс тапса, онда мемлекетін ал делінген.

Маньчжур билігі құлап, 1911 жылы Қытай Республикасы құрылғаннан кейін Гомиьндан «теңсіз келісім шарттар» және «жоғалған территориялар» тұжырымдамасын жасады. Ал, Қытай Халық Республикасы құрылуының алғашқы жылдары (1949 - 1959 жж.) «жоғалған территориялар» идеясы күшейе бастады. Осыған байланысты Пекиннің дипломатиялық арсеналында «стратегиялық шекара» мен «өмірлік кеңістік» тұжырымдамасының жүзеге асырылуын көздейтін тағы бір мүмкіндік пайда болды. Бұл «картографиялық басқыншылық», оның мәні қате белгіленген карталарды жариялау арқылы көршілес елдерге шекаралық дау салу. ҚХР-да жарияланған алғашқы картографиялық басылымдарда, жалпы қабылданған Қытай шекаралары

көрсетілген карталар мен айырмашылықтар болды. Онда Қытай территориясының аумағына көршілес елдердің: Ауғанстан мен Бірманың көп бөлігі енгізілген. Бұл басылымдар Қытай мен көршілес елдердің арасында наразылықты тудырды.

Осындай басылымдардың бірі 1972 жылы «Әлем атласы» деген атаумен жарыққа шықты. Көршілес елдердің наразылықтарына Қытай үкіметі шекаралық мәселелерді қарауға уақыты болмағанын, гоминьдан режимі тұсында дайындалған материалдарды баспаға бергендері мен түсіндірді.

Бірақ белгілі болғандай карталар маошылардың ойлап тапқаны емес, ол 20 жылдары әзірленген. Қытайда ұлтшылдық өршіп тұрған тұста елдің шекарасын айқындаған халықаралық актілер қайта зерттеліп және бұл актілерге өзгеріс енгізілген, соның негізінде олар мен келіспеушілік белеңалды, яғни «картографиялық басқыншылық» пайда болды.

Мысалы, 1926 жылы жарияланған «Қытайдың жаңа атласында» елдің шекарасын белгілеуде шындықты бұрмалауға жол берілген. Қытай территориясының құрамына тек Монғол Республикасы ғана емес, көршілес бірқатар елдер енгізілген. Мысалы Қытайдың құрамына «Ауған коридоры» деп аталатын аудан, бүкіл Памир, Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстанның аудандары, Бирманың солтүстік жағы және басқа жерлер енгізілген. Сол себепті картографиялық басқыншылық әдісі Қытайда 1923-1926 жылдар аралығында жасалып, кең қолданыла бастаған. Тіпті 1949 жылы Гоминьдан үкіметі құлатылып, Қытай Халық Республикасы құрылса да, Чан Кайши үкіметі де Тайваньда картографиялық өнімдерді шығара отырып, бұрынғы тәсілді қолданған. Кейіннен бұл әдіс көршілес елдерге территориялық дәмелікті білдіруге пайдаланылды. Ал, Тайвань мен ҚХР арасындағы идеологиялық және саяси қарама-қайшылықтар екі елдің территориялық мәселелер бойынша жалпы ұстанымдарына әсер еткен жоқ.

ҚХР құрылғаннан кейін тарихшылар мен саясаттанушылар Қытайдың «жоғалған территориялар» жөніндегі ілімін әрі қарай жалғастырды [5]. Қытай коммунистік партиясы Орталық Комитетінің 1996 жылғы 10 қарашадағы социалистік мәдени құрылысты нығайту туралы қаулысы «жоғалған аумақтарды үшінші мың жылдыққа дейін жинап алуды» өз алдына мақсат етіп қойды.

Яғни осы тұжырымдамаға сәйкес «стратегиялық шекаралар» мен «өмірлік кеңістікке» көршілес елдердің, әсіресе Оңтүстік–Шығыс және Оңтүстік Азия мен Тынық мұхиттың территориялары кіргізілген. Орталық Азия елдерінің аумағы да осы қатарға енген.

Біздің ойымызша, Қытайдың «стратегиялық шекара» және «өмірлік кеңістік» тұжырымдамасының басқыншылық сипаты бар және қауіпті сипатқа ие болуда.

Қытай Коммунистік Партиясы Орталық Комитетінің Бас хатшысы Цзян Цзэминь ҚКП-нің 1997 жылдың 12-15 қыркүйек аралығында өткен 15-ші съезінде жасаған саяси баяндамасында осы мәселеге аса назар аударған

болатын. Съезде «Дэн Сяопин теориясының туын биік көтеріп, Қытайға тән ерекшелігі бар социализмді құру ісін ХХІ-ші ғасырға бағыттау» - атты тақырыпта жасаған баяндамасында Қытай басшысы Қытайдың сыртқы саясатын төмендегіше түйіндеген:

- тәуелсіздер бес бейбіт сыртқы саясат жүргізу, Қытай халқы мен әлем халықтарының мүддесін қорғай отырып барлық халықаралық істерді жүргізу;

- гегемонизмге қарсы тұру, әлемдегі бейбітшілікті сақтау. Даулы мәселелерді бейбіт жолмен шешуді ұстану, ешқандай сылтау мен басқа мемлекеттің ішкі ісіне араласуға қарсы күресу;

- бейбіт қатар өмір сүрудің бес принципін басшылыққа ала отырып, БҰҰ Уставының негізгі мақсаттары мен принциптері негізінде әділ де тиімді жаңа халықаралық саяси тәртіп орнату;

- әлемнің көптүрлілігін құрметтеу. Барлық мемлекеттер өзінің қоғамдық құрылысын, даму стратегиясын және өмір салтын таңдауға құқылы. Әр мемлекеттің істерін сол елдің өз халқы басқарады» [6]. Жалпы, КСРО ыдырағаннан кейінгі Орталық Азия елдері Қытаймен байланыстары және Қытайдың осы аймаққа деген ұстанымы көптеген әлем ғалымдарының ізденісіне арқау болған өзекті тақырыпқа айналған.

АҚШ зерттеушісі Р.Мунро Қытай мен Орталық Азия арасындағы байланыстарға арнайы зерттеу жасаған. Оның пікірінше, бұл байланыстар Қытайдағы реформалары мен тікелей байланысты. Қытайдың экономикалық және әскери қуаты қарқынды өсуде. Оның негізінде алдымен экономикалық мүдде болғандығын атап көрсетеді.

Американдық авторлар Ч.Анделенд пен Н.Платт, Қытай мен Орталық Азия елдері арасындағы байланыстардың негізі ретінде экономикалық факторды атайды. Олардың айтуынша, Қытай өзі үшін тарихтан мұра болып қалған қолайсыз жағдайда кірді. Байланыстарға үш элемент тәнболды:

- Қытай алдындағы үрейді қалдырған ондаған жылдарға созылған қырғи – қабақ теке тіркесі;

- ҚХР ядролық факторы;

- Қытайдан келетін миграция мен дәстүрлі қорқыныш, деген пікірді ұсынады.

Ал, ресейлік ғалым С.Г. Лузяниннің пікірінше, Қытай өңір мемлекеттеріне бірдей көзқарасты ұстанады. Әйтсе де, саяси және экономикалық өмір шындығы, атап айтқанда, өңірдегі ислам фундаментализмінің қаупі, Қытай арнайы қызметтерінің көрші елдердегі әріптестерімен ұйғыр сепаратизмі, Тибет, басқа да «бөлінген ұлттар» мәселелері бойынша ортақ саясат пен оперативті әрекеттерді үйлестірудің қажеттілігі, өзара сауда қатынастарын жөндеу Қытайды өңір мемлекеттерімен байланыстарды белсендіруге мәжбүр етті. Сондықтанда, «ислам лаңкестігі» қаупі төніп тұрған жағдайда, ондай «басым» мемлекеттердің қатарына, ең алдымен, Қытаймен ортақ шекарамен және ұлттық қауіпсіздік сақтау сияқты ортақ мәселелермен байланысқан Орталық Азия елдері кірді. Оған қоса зерттеуші Қытайдың бұл өңірдегі рөлінің

біртіндеп арта беретінін, бірақ өңірдің жекелеген елдеріне деген таңдау саясатының сақталып қалатынын айтады. Мұндай тәсіл Орталық Азияның кейбір елдеріне қатысты сауда-экономикалық саясатты жандандыру арқылы жүзеге аспақ. Ал бұл өз кезегінде өңір елдерінің орасан зор ресурстық және технологиялық әлеуетін пайдалана отырып, оларды Қытай нарығына біржола «байлап» қоймақ [7].

Жалпы, Қытайдың Орталық Азия бағытында жүргізіліп отырған сыртқы саясатын нақтылай түсер болсақ, бұл саясатты, 1994 жылы Қытай үкіметінің премьері Ли Пэннің сөйлеген сөзінен анық көруге болады. Оның пікірінше, қазір Қытай халқы бар күш-жігерін мемлекет құрылысына жұмсауда, ол үшін ұзақ мерзімді, тұрақты, бейбіт халықаралық жағдай қажет, әсіресе қолайлы қоршаған орта қажет. Қытай дүниежүзінде, оның ішінде Орталық Азия аймағында ешқашан жеке басының пайдасын асыруға талпынбайды және өзінің «әсер ету аясын» орнатпайды. Әлемде қандай жағдай болмасын, Қытайдың осы бағыты өзгерпейді. Біздің мақсат өзара тиімді ынтымақтастықты дамыту, ортақ гүлденуге үлес қосу. Бұл орайда бізде өте жақсы бастама бар, ол әрбір халықтың таңдауын құрметтеу, басқа мемлекеттің ішкі ісіне араласпау болып табылады деп атап өткен болатын.

Ал, Қытай саясаттанушысы Чэнь Цзэхуа өзінің «XXI-ші ғасырдағы Қытай сыртқы саясатының стратегиясы», - атты еңбегінде елдің сыртқы саяси стратегиясын негізгі үш бағытта қарастырады:

- ҚХР мен алпауыт мемлекеттер арасындағы байланыстарды үйлестіру және шиеленістерді жұмсарту;
- Қытайдың көрші мемлекеттермен байланыстарды белсенді түрде реттеу;
- «Қытай қаупі» туралы лақап сөзді жою, жаңа әлемдік қырғиқабақ соғыстың тууын болдырмау [8].

Бүгінгі халықаралық қатынастарда мемлекеттердің жалпы саяси жағдайы әртүрлі және халықаралық саясатта ешқашан жалпыға ортақ саяси даму формасы болған емес және болмайды да, әр мемлекет өз тәуелсіздігі мен егемендігін сақтауға тырысуда.

Бүгінде, ҚХР халықаралық қатынастарда бейбіт қатар өмір сүру принциптерін ұсынуда. Бұл принципті Қытай 1949 жылдың 1-ші қазанында Қытай Халық Республикасын құрылған күні жариялаған болатын. Бұл мәлімдемеде: «...Аталмыш үкімет ҚХР-дың барлық халықтарының атынан өкілдік ететін бір ғана заңды үкімет болып табылады. Аталмыш үкімет теңдік, өзара тиімділік және өзара аумақтық егемендікті құрметтеу принциптерін сақтауға дайындық білдірген кез-келген мемлекетпен дипломатиялық байланыстар орнатады» - делінген [9].

Қазақстан Республикасы ҚХР-ның аймақтық саясатындағы мемлекеттердің тәуелсіздігін, егемендігін сақтауда, аймақтағы бейбітшілік пен тұрақтылықты орнатуға, әр елдің достығы мен ынтымақтастығын нығайтуға жасалған барлық талпыныстарын қолдайды.

Әдебиеттер тізімі:

1. Хафизова К. Казахстанско-китайская граница в прошлом и сегодня <http://www.balkaria.info/library/h/hafizova/kkgvpis.htm>
2. «Политическая география» Фридриха Ратцеля//http://studbooks.net/560424/politologiya/politicheskaya_geografiya_fridriha_rattselya#340
3. Стефашин В.В. Военно-стратегические концепции Китая // Зарубежное военное обозрение. 1994. N 9. С. 2 - 7;
4. Маоизм без прикрас. Сборник. - М., 1980.- С.223-224.
5. Там же. С 225.
6. Сладковский М.И. Китай: основные проблемы истории, экономики и идеологии. - М., 1978. - С.187.
7. Маоизм без прикрас. Сборник. - М.,1980.- С.223-224.
8. Территориальные притязания Пекина: современность, история. - М.,1979. - С.63.
9. Хлюпин В.Н. Тихая экспансия: Проблемы казахстанско-китайских отношений на современном этапе // Имперский сборник. - М., 1997. - № 1.- С. 67-80.

Аннотация

В статье представлен исторический анализ концептуальных основ региональной политики КНР. Автор подчеркивает важность геополитических, геостратегических, демографических, экономических и территориальных факторов в анализе позиции Китая по вопросам трансграничных рек Китая в международной политике.

В статье изложены понятия «стратегическая граница», «жизненное пространство» и внешнеполитические концепции Китая в военной доктрине Китая.

Ключевые слова: Китай, стратегия, концепция, жизненное пространство, внешняя политика.

Abstract

The article presents a historical analysis of the conceptual foundations of the regional policy of China. The author emphasizes the importance of geopolitical, geostrategic, demographic, economic and territorial factors in the analysis of China's position on China's transboundary and transboundary rivers in international politics.

The article outlines the concepts of "strategic border", "living space" and foreign policy concepts of China in the military doctrine of China.

Key words: China, strategy, concept, living space, foreign policy.